

kst15.kz



№15 жалпы білім беретін орта мектеп
Общеобразовательная школа №15

Газет 2016 жылдан бастап шығады

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

№03 қаңтар 2018 ж

«Қайырымдылық ісіңнен көрінер»

Әрбір жаңа істің басы-қасында жас ұрпақтық жүретіні айдан анық, сол үшін де халқымыз «Асыл тастан, ақыл жастан» деп, жастардың қоғам дамуындағы рөліне ерекше мән берген.



Міне осындай жастарымыздың бастауымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында ақпанның 1 күні мектебіміздің төрінде көмекке мұқтаж балаларға арналған қайырымдылық

концерті өтті. Концертке «Жас ұлан» балалар және жасөспірімдер ұйымының мүшелері белсене қатысты. Таңның атысымен басталған қайырымдылық жәрмеңкесінің жалғасы міне осы концерт болды. Концертке мектебіміздің оқушылары балалар үйіне апаратын кеңсе тауарлары, кітаптар, киім-кешек сынды заттар әкелді. Ал жәрмеңкеден түскен қаражат 76000 тг құрады. Мұның барлығы қаламыздың көмекке мұқтаж балаларына арналмақ. Айта кетсек бұл бірінші рет өтіліп жатқан акция емес. Былтырғы жылдың қазанында «Жас ұлан» балалар ұйымының бастауымен «Алақандағы өмір» атты

қайырымдылық жәрмеңкесі өткен болатын. Ол жәрмеңкеден түскен қаражат қалалық «Жизнь на ладони» жобасының қамқорындағы балалардың еміне аударылды. Мектебіміздің осындай жиі өтіп тұратын акциялары жайлы біздің жас жеткіншектеріміз және осы қайырымдылық акциясын ұйымдастырушылар Қостанай қаласының «Қазақстан – Қостанай» телеарнасының, «Тобыл таңы» бағдарламасына барып сыр шертті.

Каршалова Э.Ф
Аға тәлімгер

НАЗАР АУДА-РЫҢЫЗДАР

Ақпан
айында «Би
Алаңы» атты
конкурс
өтеді!

Бүгінгі санда:

Жемқорлық құқық бұзушылық картасы **2**

Үздік жас маман **2**

Ұлы дала тұлғалары **2**

Абайлаңыз тұмау **3**

Өнге құмар камила **4**

Салауатты өмір салтын қолдаймыз **4**

Оқушы шығармашылығы **5**

Құттықтау **6**

«Жемқорлық құқық бұзушылық картасы»

Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті

кеселдің бірі. Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау

қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың

«Жемқорлық құқық бұзушылық картасы»

қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. Тарихи тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес

шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды. Осы мәселеге орай біздің мектебімізде де іс—шаралар жүріп жатыр. Солардың бірі жақында өткен «Жемқорлықтың құқық бұзушылық картасы» атты байқау болды. Бір ай ішінде 9-11 сынып оқушылары өткен жылғы аймақтық баспасөз

мониторингін өткізді.



Мониторинг нәтижелері бойынша жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы жасалды.

Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Камен Көркем алқалады. Бірінші орынды Нуртаева Алтынай, екінші орынды Қадырбаева Гаухар, үшінші орынды Айшвакова Танзиля иемденді.

«Жас ұлан» мектеп комитеті

«Үздік жас маман—2018»

Қаңтардың 27 жұлдызында мектебімізде «Жас маман—2018» байқауы өтті. Сайысқа еңбек өтілі енді басталған мұғалімдер қатысты. Сайысқа түскен жас мамандар келесі шарттар арқылы сынақтан өтті: өзін өзі таныстыру, ашық сабақтан үзінді, сабақ жоспарын құру, өз өнерін көрсету және жағдаяттық сұрақтарға жауап беру. Жас ұстаздар арасындағы жарыс өте тартысты өтті. Қатысушылар әр сайыс барысында өздерінің жеңіске деген жігерлілігін танытты. Қатысушыларымызды әділ бағалаушылар еңбек жолында талай асуларды бағындырған ардагер ұстаздар және кәсіподақ төрайымы болды. Олар Математика пәнінің мұғалімі Нок Гүлжаухар

Нағашпаеван, биология пәнінің мұғалімі Асылбеков Тұрсынбек Рахымжанович, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Алшимбаева Саулеш Абишханқызы, бастауыш сынып мұғалімі Абдикасымова Галия Жумановна және кәсіподақ төрайымы және



информатика пәнінің мұғалімі Боранбайқызы Диана. Қатысушы жас ұстаздар үлкен дайындықпен келгендігін көрсетті. Ұстаздарымыз өнерлерін көрсетіп, бірі ән айтса, бірі би билеп таң қалдырды.

Жағдаяттық сұрақтарды лезде жауабын таба білді. Сайыстың қорытындысы бойынша : «Зерделі ұстаз» номинациясын тарих пәнінің мұғалімі Сакова Жамила Есболовна алса, «Өнерлі ұстаз» номинациясын дене



шынықтыру пәні мұғалімі Жаканов Мұхтар Актилекұлы иеленді.

Ал 3 орынды Мектепке алды даярлық сыныбының тәрбиешісі Ағашбаева Маншук Бекасиловна жеңіп алса 2 орынды ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Каримова Диана Канатовна иемденді. Ал бірінші орынды алқалап , «Жас маман—2018» атанған , қалалық «Үздік жас маман—2018» сайысына жолдама алған мектеп тәлімгері Каршалова Эльмира Ғаниқызы болды. Сайыс соңында жеңімпаздарды мектеп директоры Сапанова Дильнара Сембіқызы құттықтап, марапаттауларды табыстады.

Жолдауға—қолдау

2018 жылдың 24 қаңтарында Қостанай қаласы №15 орта мектебінің мұғалімдер ұжымының отырысы болып өтті. Отырыста Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың **«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»** атты Қазақстан халқына Жолдауын қызу талқылап, бір сөзбен қолдады. Ерекше назарға қойып, мұқият тыңдап, жақсылықтың жаршысы ретінде қабылдадық. Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауы – еліміз үшін маңызды саяси оқиғалардың бірі. Соңғы Жолдаудың ерекшелігі сонда, ол бізге жаңа әлем – Төртінші өндірістік төңкеріс әлеміне бейімделуіміз үшін қандай шараларды жүзеге асыруымыз қажеттігін айқындап берді. Елбасымыздың Жолдауында елдің одан әрі дамуы үшін әбден ой талқысынан өтіп, уақыт тезімен түзелген нақты қадамдар ұсынылған. Жолдауда Мемлекет басшысы жүзеге асыруымыз үшін нақты 10 тапсырма берді. Осы 10 нақты тапсырманы мектебіміздің бірқатар жас мамандары әрқайсысына жеке-жеке толық тоқталып, түсінік берді. Олар:

1. Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс.
2. Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту.
3. «Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі.
4. Көлік логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру.
5. Құрылысқа және коммуналдық секторға заманауи технологияларды енгізу.

6. Қаржы секторын «қайта жаңғырту
7. Адами капитал – жаңғыру негізі.
8. Тиімді мемлекеттік басқару.
9. Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі.
10. «Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін.

Бір қуантарлық жайт, осы жолдау арқылы Елбасы мұғалім мәртебесін көтеру ісіне баса назар аударды. Елдің тірегі болар, Мәңгілік елдің білімді азаматтарын тәрбиелеу ұстаздың қолында екенін Елбасы ешқашан назардан тыс қалдырмаған. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетінің жоғарылауына оның материалдық жағдайы да әсер ететінін ескере отырып, жалақысын да 30-50% – ға жоғарылататыны әр мұғалімнің еңбекке деген құлшынысын арттырады деген сөзсіз. Болашаққа нақты мақсат қойып, оған нық қадам жасағанда ғана ел болашағы жарқын, ел мерейі үстем болмақ. Елбасының биылғы жолдауы әр қазақстандықтың ертеңге деген сенімін оятып, ұлттық мүдде үшін күш-жігері мен зияткерлік ой еңбегін аямайтынына сенеміз.

**Конарбаева
Гульбану**

«Ұлы Дала тұлғалары»



Қостанай – ұлы қазақ ақындарының, атақты билері мен батырларының, жазушы мен ақындарының, орақ ауыз шешендерінің отаны. Осындай ұлы тұлғаларды білмеу – кейінгі өсіп келе жатқан ұрпақ үшін кешірілмес үлкен күнә сияқты.

сияқты. Қостанай өңірінің танымал ұлы тұлғалары, олардың жүріп өткен өмірі мен еңбектері жөнінде білімдерін ортаға салу мақсатында 9 «Ә» сыныбында өткен «Ұлы Дала тұлғалары» зияткерлік ойынында оқушылар өз білімдерін ортаға салды. Зияткерлік ойын қорытындысы бойынша жеңімпаздар мектеп әкімшілігі тарапынан мадақтамаларға ие болды.

Мектеп комитеті

Болашаққа бағдар

Рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады. Елбасымыз рухани жаңғырудың бірнеше принциптерін ұсынды: Бәсекелестік қабілет. Ғаламдандудың жаһандық жүйесіне еніп, XXI ғасырдың талаптарына дағдыланудың қамына кірісу сапалы табыстың кілті екенін атап айтты. Прагматизм. Ұлан ғайыр қазыналарымызды қалпынша қолданып, қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси

қорғау, бір мақсатпен межелеген межеге жету арқылы түрлі саяси радикалды идеологияларға тосқауыл болудың бағдарын ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Елбасымыз үшінші қағидасында ұлттық код, яғни халқымызға тән салт-санамыз, асыл мәдениетіміз бұлардың барлығы бойымызда жалындап, үні шырқалып тұруын баса айтты, сонда ғана алға басулар болатынын ескертті. Білімнің салтанат құруы. Қазіргі таңда білім бағдарламаларының елімізге ұтымды үлес қосып келе жатқанын айта келіп, табыс тізгіні – білімді болашақ жастардың қолында екеніне баса назар аударды.

Мектеп комитеті

Абайлаңыз тұмау!

Суық түскен уақытта біз тұмау мен ЖРВИ (жедел респираторлық вирустық инфекция) туралы алдын алу шаралары мәселесін көтеруге тырысамыз. Өйткені осы уақытта суық тиген адамдардың саны күрт көбейетіні мәлім. Сонымен, тұмау дегеніміз не? Тұмау — жасы мен жынысын талғамастан, бәріне бірдей жұғатын ауыр вирустық инфекция. Оған өткір токсикоз, ринит, мұрынның бітуі және бронхиты зақымдайтын катаралды құбылыстармен сипатталатын белгілер тән. ЖРВИ – адамзаттың ең кең таралған аурулары. Онымен жазда азырақ, қыста көбірек болса да, барлығы дерлік ауырады. ЖРВИ мен тұмауды туындататын вирустар мұрын мен тамақтан бастап, өкпеге дейін барлық кеңістіктегі эпителийлі жасушаларды зақымдайды. Бұл вирустардың көптеген түрлері бар, ең көп таралғаны – тұмау, ал «бейтанымал» түрлері – парагрипп, аденовирус,

риновирус, реовирус және басқалары. Сыртқы ортада вирустар тезірек өледі, бірақ адамнан адамға ауа-тамшылы жол арқылы тез таралады.

Тұмаудың көзі болып тек аурудың нақты өзімен немесе оның жасырын



түрлерімен ауыратын сырқат адам болып табылады. Инкубациялық кезең – 12-16 сағат. Максималдық жұқтыру аурудың алғашқы күндерінде байқалады, жөтелу және түшкіру кезінде түкірік пен сілемеймен сыртқы ортаға вирус бөлінеді. 5 күн ауырғаннан кейін сырқаттардың көпшілігі жұқпалы емес. Бірақ бізді толғандыратыны, олардың түрі емес, ЖРВИ мен тұмауды қалай алдын алуға болатыны туралы

білу. 1. Ағзаның жүйелі шынығуы; 2. Алдын алу шарасының ең тиімді және кең таралған түрі – медицина маскаларын немесе мақталы дәке бетпердесін тағу; 3. Әрбір 2 сағат сайын мұрын сілемейіне оксолин жақпайын жағу; 4. Адам көп жүретін жерлерге баруды шектеу (кинотеатрлар, театрлар, супермаркеттер, вокзал, балабақша, мектеп және тағы басқа); 5. Жеке тазалықты сақтау, қолды жиі жуу; 6. Үй-жайды, ғимараттардың желдетілуі; 7. ЖРВИ мен тұмаудың алғашқы профилактикасы үшін дәрі қобдишасының болуы (термометр, бетперде, аскорбин қышқылы, оксолин майы, мұрынға тамызатын тұзды ерітінділер және т.б.); 8. Күнделікті сарымсақ қабылдаған дұрыс.

ТӨСЕК РЕЖИМІН САҚТАУ. Науқас адамды, жарық және желдетілген бөлмеге жатқызу. Науқас жатқан бөлмені желдету керек, бірақ суықтап қалмасын. Науқасты жылы орау, аяғына грелка қойып, ыстық сусын (сүт, лимон қосылған тәтті ыстық шай), ішетін тамағы калориялы, әр түрлі, витаминдерге бай болуы керек. Тұмау вирусы қыздыру кезінде, дезинфекциялау кезінде жойылады. Жыл сайын адам бірнеше рет тұмаумен ауырса, адамның 1 жылын алады екен. Тұмаудың негізгі қауіптілігі – тұмаудан кейінгі асқынулардың даму қаупі: өкпе қабынуы (пневмония), құлақ қабынуы (отит), ми қабығының қабынуы (менингит) және т.б. **ТҰМАУМЕН АУЫРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ОНЫ ЕМДЕУДЕН ЖЕҢІЛІРЕК.**

Мектеп медбикесі
Мектеп медбикесі

© Центр формирования

«Салауатты өмір салтын қолдаймыз!»



қаншалықты маңызды екенін нұсқамалар таратты.

Азаматтың дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. Салауатты өмір салты - ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның салауатты өмір сүру салты өздігінен қалыптаспайды. Салауатты өмір сүру салты өмір сүруде мақсатты түрде қалыптасады. Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. «Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаса керек. Бірінші байлық- денсаулық дейміз. Міне осы ұранды ұстана отыра біздің мектебімізде 5-11 сынып оқушылары үшін СӨС орталығымен бірлескен «Салауатты өмір салтын қолдаймыз!» флешмобы болып өтті. Оған СӨС орталығының алдын алу бөлімінің меңгерушісі Наукенова Рабиға Маденқызы қатысты. Балаларға денсаулықтың ұғындырып, түрлі аурулардың алдын алу мақсатында дайындалған бүктемелер,

Мектеп комитеті

«Әнге құмар—Камила»

Талант туралы сөз еткенде алдымен адам жанының маманының пайымына сүйенгенді жөн көрдік. «Адамның бойында туа бітетін қандай да бір іске деген қабілет негіздері болады, оны қолданса - дарындылығы байқалады, әрі қарай дамып, жетілдірсе - талантқа айналады.

Міне біздің де мектебімізді сондай талантты балалардың бірі 13 жастағы Камилла Жүнісова 7-сыныптың оқушысы. Камилла Республикалық «Бала дауысы» конкурсының қатысушысы, қалалық Тәуелсіздікке арналған сайысының қатысушысы. Қазіргі кезде «Екі жұлдыз» ән байқауында 2-ші орын иегерінде тұр.

Жастайынан өнерге деген құлшынысы байқалғанын айтты. Тіпті бес жасынан бастап әртүрлі өлең жаттап, айтып жүргенмін дейді Камилла қызымыз.

- Сен әр-түрлі қалалық, мектепшілік мереке, іс-шараларда ән айтып жүресін, сенің тіпті бос уақытыңда болмайтын шығар,

сабаққа деген үлгерімін қалай?

Камила: Жоқ, мен ән айтам деген сылтау болмаған. Менің сабаққа деген уақытым қалай болса да табылады, себебі болашақтың кілті-кітапта деген сөз бар емес пе! Қазіргі кезде сыныптың белсенді оқушысы, үздігі тек 4-5ке оқиды.

Камила: Отандық эстрада жұлдыздары Роза Рымбаева, Димаш Құдайбергеновтың өнерлері ұнайды. Құлаққа жағымды әндерді



халыққа паш етеді. Мен де оларға қарап, әнді әсем орындаймын, себебі ән айтқанда ең бастысы тыңдап отырған адамға жағымды естілу

-Қазір сенің ойыңда қандай арманың бар?

Камила: Өскенімде әнші болу

армандаймын.

- Ия Камилланың дауысы өте керемет, оны әрқашанда мерекелерде ән айтып жүргенің көреміз.-дейді достары.

Камилланың әнші болу арманы орындалғанына тілектеспін. Себебі, бойынан дарынды талант көрініп тұр. Қазіргі кезде Қостанай қаласында өтетін Майра Ильясованың конкурсына дайындалып жүр. Тіпті интервью беруге уақыты болмады, сонда да маған уақытын азда болса да бөлді.

P.S: Бір жеті өткеннен кейін Камилла қызымыз Майра Ильясованың конкурсынан 2-ші орын иегері атанды.

*Таспаева Айнура
Жас тілші*

Оқушы шығармашылығы



Сейдуов Ахат



2 «а» сыныбы




Арманқызы Айару

Ұйымның ұраны: Біз өрендер тәуелсіз ел қыраны,
Биіктерге самғау болсын ұраны.


Білім беру Ұйымы

Құттықтаймыз



Мекен-жайы: Қостанай қаласы,
Солтүстік-Батыс ықшамауданы, 49-
квартал, жер телімі 1

Телефон: 8-714-2-39-24-95
Эл. почта: sch15@kst-
goo.kz



